

Г.А. Пазиров<sup>1</sup>, А.Н. Рамашова<sup>2\*</sup>, Н. Рамашов<sup>3</sup>, Н.Т. Кальбаева<sup>4</sup>

<sup>1,2,4</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан;

<sup>3</sup>Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup>pgalimjan@mail.ru, <sup>2</sup>r.aissulu87@mail.ru, <sup>3</sup>ramashov@mail.ru, <sup>4</sup>nur.tan73@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>, <sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0002-7370-563X>, <sup>3</sup><https://orcid.org/0009-0009-9681-0561>, <sup>4</sup><https://orcid.org/0000-0001-8655-9144>

<sup>1</sup>Scopus ID: 56525322400, <sup>2</sup>Scopus ID: 56731083500, <sup>4</sup>Scopus ID: 57992243400

<sup>1</sup>Researcher ID: GQI-2892-2022, <sup>2</sup>Researcher ID: KDM-93882024, <sup>3</sup>Researcher ID: KDM-9777-2024,

<sup>4</sup>Researcher ID: KEE-9183-2024

## Қазақстан Республикасында кәсіпорындардың инновациялық қызметін талдау

### Аңдатпа:

**Мақсаты:** Зерттеудің мақсаты — Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметінің қазіргі жай-күйіне талдау жасау арқылы негізгі мәселелерді айқындау, сонымен қатар алдағы уақытта отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін мемлекет тарапынан қолдаудың нақты тетіктерін және дамыту жолдарын ұсыну.

**Әдісі:** Зерттеу барысында салыстыру, сандық және жүйелі талдау, синтездеу, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.

**Қорытынды:** Зерттеу нәтижелерінен белгілі болғандай соңғы жылдары отандық кәсіпорындар тарапынан өндірілген инновациялық өнімдердің жалпы ішкі өнімдегі үлесінде айтарлықтай өзгерістер жоқ, сонымен қатар кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі де өте төмен деңгейде өзгеріссіз қалып отыр. Инновацияларға жұмсалатын шығындардың басым бөлігі кәсіпорындардың меншікті қаражаты және банк ресурстары есебінен қаржыландырылып, негізгі бөлігі заманауи машиналарды, жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқа да күрделі өнімдерді сатып алуға жұмсалып отыр.

**Тұжырымдама:** Қазіргі уақытқа дейін мемлекет тарапынан инновациялық дамуды қамтамасыз етуге арналған көптеген жұмыстар іске асырылды және бұл жұмыстар әлі де жалғасуда. Мемлекет тарапынан инновациялық дамуды қамтамасыз ету мақсатында заңдар, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар қабылданғанына қарамастан инновациялық қызметті қолдауға бағытталған қосымша нақты қолдау шараларының қажеттілігі белгілі болып отыр. Себебі атқарылған шаралар ойдағыдай инновациялық дамуды көрсете алмай келеді. Сондықтан зерттеу нәтижелері бойынша отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамыту, инновациялық белсенділігін арттыру үшін мемлекет қаржылық, инфрақұрылымдық және әкімшілік ықпал ету тетіктерін қатар қолдану ұсынылды.

**Кілт сөздер:** инновация, бәсекелестік, инновациялық қызмет, инновациялық белсенділік, инновациялық өнім, өнімдік инновация, бизнес-процестік инновациялар, инновациялық даму.

### Кіріспе

Бүгінгі таңда көптеген елдерде кәсіпорындардағы инновациялық қызметті дамытуға ерекше мән беріліп отыр, бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, сонымен қатар өз қызметін дамытуға және кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазіргі жағдайда кәсіпорындардың инновациялық қызметі ғылыми-техникалық дамудың және ел экономикасының өсуінің драйвері ретінде маңызды бола түсуде.

Табысты инновациялық жобаларды іске асыру кәсіпорындарды бәсекеге қабілеттіліктің жоғары деңгейіне шығарады, ұлттық нарықтың тартымдылығын арттырады. Жаңа өнімдер мен технологияларды шығаратын ғылымдағы кез келген жетістіктер мемлекет халқының өмір сүру жағдайлары мен оның әл-ауқатының өзгеру бағытын қалыптастырады. Кәсіпорындар инновацияларды енгізу арқылы экономиканың үздіксіз дамуын қамтамасыз етуде ерекше рөл атқаруы тиіс. Бәсекелестіктің күшеюі жағдайында инновациясыз кәсіпорындардың табысты жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазақстан Республикасында индустриалды-инновациялық дамуды қолдаудың негізгі мақсаты отандық кәсіпорындардың қазіргі жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сонымен қатар экспорт көлемін барынша ұлғайту. Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан отандық өнім өндіру саласын белсенді

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: r.aissulu87@mail.ru

қолдау бағытында көптеген шаралар қолға алынып, іске асырылып жатқанымен, олардың бәсекеге қабілеттілігі айтарлықтай артып отырған жоқ, өйткені оларды алға бастайтын инновациялық қызметінде серпіліс жоқ. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу тақырыбы өзекті болып саналады.

### ***Әдебиетке шолу***

Қазіргі уақытта кәсіпорынның инновациясы нарықтық экономикадағы компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің, өмір сүруінің және дамуының танылған факторына айналуға. Осыған қатысты ғылыми зерттеулердің айтарлықтай өсуі байқалады.

Көптеген ғалымдар кәсіпорындардың инновациялық қызметін зерттеген. Мәселен, D. Rojek кәсіпорынның инновациялылығының стратегиялық факторларын анықтаған (Rojek, 2021). Польшадағы шағын және орта инновациялық өнеркәсіптік өңдеу кәсіпорындарының қызметіне талдау жасаған.

Сонымен қатар, A. Kijek, M. Lisowski, W. Starzynska Польшаның өндірістік кәсіпорындарындағы инновациялық қызметті айқындаған (Kijek et al., 2013). Олар инновациялық қызметтің тиімділік моделін екі топ бойынша жұмсақ шығындардың инновациялық қызметке айтарлықтай оң әсерін және материалдық шығындардың тиімсіздігін бағалаған.

T. Monroe-White, S. Zook макроинституционалды факторлар инновациялардың (өнімге, үдеріске және маркетингке) әр түрлі әсер ететіндігін және дәстүрлі түрде ел деңгейіндегі инновацияларды анықтаған (Monroe-White et al., 2018). Әлеуметтік кәсіпорынның инновациясы мен ұлттық деңгейдегі инновацияларды атап өткен. Кейбір экономистер инновациялық қызметті ескере отырып, кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздік деңгейін бағалау қажеттігін айқындаған. Бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің дәрежесін және жоғары қорғаныс пен экономикалық қауіпсіздікті қалыптастыру, бәсекелестікті арттыру. Сонымен қатар, T. Nikolenko, L. Semina кәсіпорынның экономикалық қауіпсіздігіне инновациялық қызметтің әсер ететін қадамдық рәсімін ұсынған (Nikolenko et al., 2021). Зерттеушілер экономикалық қауіпсіздік саласындағы инновациялар, шаруашылық жүргізуші субъект қызметі, сондай-ақ пайданың айтарлықтай үлесі сыртқы және ішкі орта талаптарының сақталуы, инновациялық әлеуетке тікелей байланысты екендігін мәлімдеген.

Ресейлік экономистер A.B. Трачук пен H.B. Линдер өнеркәсіптік компаниялардың инновациялық белсенділігі мен инновациялық қызметтің нәтижелігін анықтаған (Трачук және т.б., 2019). Зерттеу нәтижесінде өнеркәсіптік компаниялардың инновациялық белсенділігін көп факторлы бағалау әдістемесін ұсынған. Өнеркәсіптік компаниялардың инновациялық белсенділігін интегралды қалыптастыра отырып, компаниялардың инновациялық қызметіне және олардың инновациялық тәртібінің өзгеруіне баға беруге мүмкіндік жасалды.

Отандық ғалымдар С.С. Шакеев және басқалар, кәсіпорындардың инновациялық қызметіне және инновациялық үдерістерді енгізу нәтижесінде кәсіпорындардың тиімділігінің артатындығы туралы зерттеген (Шакеев және т.б., 2023). Экономистер Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін, өндірілген инновациялық өнім көлемін, кәсіпорындардың инновацияларға жұмсайтын шығындары және кәсіпорындардың инновациялық қызметінің әлеуетін қарастырған.

### ***Әдістері***

Осы зерттеу жұмыстары 2018–2022 жылдар аралығындағы отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметіне талдау жасау арқылы негізгі мәселелерді анықтау және анықталған мәселелерді шешу бойынша оңтайлы ұсыныстар беруге негізделді.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде кәсіпорындардың инновациялық қызметінің статистикасы арнайы бекітілген заңнамалық-құқықтық құжаттар негізінде жүргізіледі. Халықаралық деңгейде инновациялық жаңалықтар Осло қаласында қабылданған шешім бойынша оның технологиялық сипаттары мен нарықтық ұстанымдарын айқындайтын халықаралық стандарттарына сәйкес келуі керек (Б. Исабеков, 2013).

Қазіргі күнге дейін Осло нұсқаулығының 4 басылымы жарыққа шықты. Елімізде құзырлы статистикалық органдар тарапынан инновация статистикасы осы Осло нұсқаулықтарының талаптары мен ережелеріне сәйкес қалыптастырылады. 2005 жылы қабылданған Осло нұсқаулығының 3-ші басылымында «бүкіл әлем үшін», «тауар нарығы үшін» және «ұйым үшін» сияқты инновациялық өнімдер бойынша, сонымен қатар өнімдік, процестік, ұйымдастыру және маркетингтік инновациялар бойынша есепке алу қарастырылған (Oslo Manual, 2005).

Қазақстан Республикасының статистикалық заңнамалық-құқықтық актілеріне сәйкес инновация статистикасы 2013–2021 жылдар аралығында Осло нұсқаулығының 3-ші басылымында көрсетілген инновация түрлері бойынша есепке алынып келді.


2018 жылы Осло нұсқаулығының 4-ші басылым жарыққа шықты. Бұл 4-ші басылымда білімге негізделген капиталдың артуы, өндіріс үдерісіне заманауи ақпараттық технологиялардың көптеп енгізілуі және тағы басқа тенденциялар ескерілген (Oslo Manual 2018). Осы нұсқаулықта инновация типтерін біріктіріп, өнімдік инновация және бизнес-процестік инновациялары деп 2-ге бөліп қарастырған.

2022 жылдан бастап елімізде де халықаралық талаптарға сай инновация статистикасында инновация түрлері өнімдік инновация мен бизнес-процестік инновациялары бойынша есепке алынатын болды (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, 2022). Зерттеу барысында салыстыру, сандық және жүйелік талдау, синтездеу, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.

### **Нәтижелері**

Кәсіпорындардың инновациялық қызметі қазіргі заманғы жоғары технологиялық экономиканың шынайылығымен және шарттарымен анықталады, сонымен қатар инновациялар мен инновациялық үдерістерді енгізудің арқасында кәсіпорындардың және тұтастай алғанда экономиканың тиімділігі артады (С.С. Шакеев және т.б., 2023). Бүгінгі таңда инновациялық қызмет кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің, өмір сүруінің және дамуының негізгі факторларына айналууда (D. Rojek, 2021).

Халықаралық тәжірибеде елдегі кәсіпорындардың инновациялық қызметінің негізгі көрсеткішінің бірі ретінде олардың инновациялық белсенділігі қарастырылады. Инновациялық белсенділік бұл кәсіпорынның қызметінде қандай да бір немесе бірнеше инновация түрімен (өнімдік инновация, бизнес процестік инновациялары) айналысатын кәсіпорындардың пайыздық үлесін көрсететін көрсеткіш. Қазақстан Республикасында 2022 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2021 жылмен салыстырғанда шамалы жоғарылап, 11 %-ды құраған (1-сурет).




1-сурет. ҚР-да кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі, %

Ескерту — (Қазақстанның ғылымы және инновациялық қызметі, 2022; ҚР-да инновацияларды дамыту бойынша жалпы мәліметтер) негізінде авторлармен құрастырылды.

1-суреттің көрсеткіштерінен белгілі болғандай, отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі соңғы 5 жылда айтарлықтай өзгермегендігі көрініп тұр, яғни 2018 жылы 10,6 % болса, 2022 жылы 11 %-ды құраған. Бұл отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі соңғы 5 жылда өзгеріссіз қалып отырғандығын көрсетеді. Еуропалық Одақ (ЕО) елдерінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі орташа 50 %-ды құрайды (European Innovation Scoreboard, 2022). Біздің еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі ЕО елдерінің көрсеткіштерімен салыстырғанда 4–5 есе төмен екендігін көрсетіп отыр.

Еліміздегі түрлі салаларда қызмет ететін кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін қарастыратын болсақ, ең жоғары белсенділік «Жоғары білім беру», «Ғылыми зерттеулер және әзірлемелер», «Денсаулық сақтау саласындағы қызмет», «Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу» салаларына тиесілі болып отыр (2-сурет).




2-сурет. ҚР-да экономикалық қызмет түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері (2022 ж.), %

Ескерту — (Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.

2-сурет мәліметтерінен белгілі болғандай 2022 жылы республика бойынша инновациялық белсенділігі жоғары ұйымдар қатарында «Жоғары білім беру» саласындағы ұйымдардың инновациялық белсенділігі 57,5 %, «Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер» саласындағы ұйымдардың инновациялық белсенділігі 38,8 %, «Денсаулық сақтау саласындағы қызмет» және «Тау-кен өндіру және карьерлерді қазу» саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі сәйкесінше 15,2 % және 15,0 %-ды құраған. Ал инновациялық белсенділігі өте төмен салаларға келесілерді атап көрсетуге болады: «Суды жинау, өңдеу және тарату» — 4,9 %, «Қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, материалдарды кәдеге жарату» — 4,9 %, «Құрылыс» саласындағы кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2,1 %-ды құраған.

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін, олардың өлшемділігі, яғни ірі, орта және шағын түрлері бойынша бөліп қарастыратын болсақ, ірі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі жоғары, ал орта және шағын кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі төмен екендігі, әсіресе шағын кәсіпорындар бойынша бұл көрсеткіш өте төмен екендігі байқалып отыр (3-сурет).



3-сурет. Кәсіпорындар өлшемділігі бойынша инновациялық белсенділік көрсеткіштері, %

Ескерту — (Статистикалық жинақ, 2022; Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.

3-сурет мәліметтері негізінде еліміздегі кәсіпорындардың өлшемділігі бойынша инновациялық белсенділік деңгейін қарастыру нәтижесінде белгілі болғандай ірі кәсіпорындардың инновациялық

белсенділігі 2018 жылы 41,7 % болса, 2022 жылы 33,1 %-ға дейін төмендеген; орта кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2018 жылы 23,7 % болса, 2022 жылы 20,6 % болған; ал шағын кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі республика бойынша орташа деңгейден төмен болып отыр, яғни 2018 жылы 7,2 % болса, 2022 жылы 8,5 %-ды құраған. Республика бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің орташа деңгейінің төмен болып отырғандығының себебі, отандық кәсіпорындардың негізгі бөлігін шағын кәсіпорындар құрайды, ал олардың инновация саласындағы белсенділігі жоғарыда көріп өткеніміздей өте төмен болып отыр.

Кейбір сарапшылар шағын кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмен болуы, олардың қызметіне инновацияларды енгізуде белгілі бір қиындықтардың болуымен түсіндіреді. Шағын кәсіпорындарға инновацияларды енгізуге қаржы ресурстары мен материалдық ресурстардың тапшылығы, басқарушылық және адами ресурстардың шектеулігі, қаржы институттарының несие бойынша пайыздарының жоғарылығы және кепілзат талап етуі және т.б. (L. Tudor, 2018). Ал кейбір сарапшылар керісінше шағын кәсіпорындарды инновацияларды енгізуге ең икемді ретінде инновациялық дамудың негізгі қозғаушы күші болып табылатындығын айтады (W. Wadho, A. Chaudhry, 2016). АҚШ тәжірибесінде шағын кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі жоғары, өйткені мемлекет тарапынан тікелей шағын кәсіпорындардың инновациялық қызметін қолдауға бағытталған жыл сайын 2 млрд көлемінде қаржылық қолдау көрсетіледі (Д.А. Айбосынова, 2021).

Келесі кезекте инновация түрі бойынша инновациялық кәсіпорындар санын қарастыратын болсақ, жоғарыда әдістеме бөлімінде атап өткеніміздей, республика бойынша 2021 жылға дейін кәсіпорындардың инновациялық қызметі инновацияның 4 түрі бойынша есепке алынды. Бірақ 2022 жылдан бастап инновациялық қызмет өнімдік инновация және бизнес-процестік инновациялар түрлері бойынша бөліп қарастырылуда (1-кесте).

1-кесте. Инновация түрі бойынша кәсіпорындар саны

Инновация түрі	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Инновация түрі	2022 ж.
Инновацияның төрт түрінің бірі болған кәсіпорындар саны	3 230	3 206	3 236	2 960	Инновацияның екі түрінің бірі болған кәсіпорындар саны	3 390
Өнімдік инновациясы бар кәсіпорындар саны	863	856	934	719	Өнімдік инновациясы бар кәсіпорындар саны	720
Процестік инновациясы бар кәсіпорындар саны	1 530	1 586	1 842	1 438	Бизнес-процестік инновациялары бар кәсіпорындар саны	2 957
Ұйымдық инновациясы бар кәсіпорындар саны	1 082	1 026	859	855		
Маркетингтік инновациясы бар кәсіпорындар саны	700	614	584	767		
Инновацияның барлық түрі бар кәсіпорындар саны	37	38	33	52	Инновацияның барлық түрі бар кәсіпорындар саны	287

*Ескерту — (Статистикалық жиһнақ, 2022; Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.*

1-кесте мәліметтері бойынша елімізде 2018 жылы инновацияның төрт түрінің бірі болған кәсіпорындардың саны 3 230 болса, 2022 жылы инновацияның екі түрінің бірі болған кәсіпорындар саны 3 390 болған, яғни 160 бірлікке көбейіп отыр. Өнімдік инновациясы бар кәсіпорындар саны 2018 жылы 863 болса, 2022 жылы олардың саны 143 бірлікке азайып, 720 бірлікті құраған. Ал 2018 жылы процестік, ұйымдық және маркетингтік инновациялары бар кәсіпорындар саны 3 312 бірлік болса, 2022 жылы бизнес-процестік инновациялары бар кәсіпорындар саны 2 957 бірлікті құраған. Инновацияның барлық түрі бар кәсіпорындар саны 2018 жылы 37 бірлік болса, 2022 жылы олардың саны 7,7 есе артып 287 бірлікті құраған. Инновацияның барлық түрі бар кәсіпорындар санының артуын оң өзгеріс ретінде бағалауға болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес отандық кәсіпорындар тарапынан өндірілген инновациялық өнімдерінің және оның ішінде өткізілген немесе сатылған инновациялық өнімдерінің көлемін

қарастыратын болсақ, зерттеу кезеңі аралығында олардың көлемі артып отыр. Бірақ 2021 жылы олардың көлемі біршама азайған, бұл әлемдік пандемиямен байланысты болуы мүмкін, дегенмен де 2022 жылы қайта оң динамикалық өсім бар екендігі байқалады (2-кесте).


2-кесте. Өндірілген инновациялық өнімдердің және өткізілген инновациялық өнімдердің көлемі, млн. теңге

	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2018 жылмен салыстырғанда 2022 ж. өзгеріс	
						+/-	%
Инновациялық өнім көлемі, барлығы	1 064 067,4	1 113 566,5	1 715 500,1	1 438 708,5	1 879 123,1	815 055,7	76,5 %
Өткізілген инновациялық өнім көлемі, барлығы, соның ішінде	1 019 905,8	996 890,6	1 664 604,1	1 318 106,1	1 739 822,8	719 917	70,5 %
- ұйым үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнім	351 017,0	270 937,9	970 956,0	756 736,9	1 180 413,8	829 396,8	2,3 есе
- тауар нарығы үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнім	668 888,8	725 952,7	693 648,1	561 369,2	559 409	-109 479,8	-16,3 %
- бүкіл әлем үшін жаңа болып табылатын жаңа немесе едәуір жетілдірілген өнім	-	-	-	-	-	-	-

*Ескерту — (Статистикалық жинақ, 2022; Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.*

2-кесте мәліметтері бойынша зерттеу кезеңі аралығында отандық кәсіпорындар тарапынан бүкіл әлем үшін жаңа болып табылатын инновациялық өнім өндірілмегендігі белгілі болды. Ал республика бойынша өндірілген инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 1 064 067,4 млн теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 76,5 %-ға ұлғайып 1 879 123,1 млн теңгені құраған. Осы өндірілген инновациялық өнімнің ішінде сатылған инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 1 019 905,8 млн теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 70,5 %-ға ұлғайып 1 739 822,8 млн теңгені құраған. Өткізілген инновациялық құрамында ұйым үшін жаңа болып табылатын инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 351 017 млн теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 203 есе көбейіп 829 396,8 млн теңгені құраған. Ал тауар нарығы үшін жаңа болып табылатын инновациялық өнім көлемі 2018 жылы 668 888,8 млн теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 16,3 %-ға азайып 559 369,2 млн теңгені құраған.

Бұл 2-кестеде қарастырылған статистикалық мәліметтер республика бойынша инновациялық өнім көлемі жыл сайын өсіп отырғандығын айғақтауы мүмкін. Бірақ өткен жылдардағы инфляция деңгейі мен бағаның өсуін ескеретін болсақ, бұл оң өзгерістерді сала жай-күйінің шынайы көрсеткіші ретінде қарастырудың қажеті жоқ деген тұжырым жасауға болады. Сондай-ақ, еліміздегі өндірілген инновациялық өнім көлемі өскенімен, зерттеу кезеңі аралығында оның ЖІӨ көлеміндегі үлесі 2 %-дан аспай (тек 2020 жылы 2,43 % болған), өзгеріссіз қалып отыр (4-сурет).




4-сурет. Қазақстан Республикасы ЖІӨ-дегі инновациялық өнімдердің үлесі, %

*Ескерту — (Қазақстан 2021 жылы. Статистикалық жылнама, 2022; Статистикалық жинақ, 2022; Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.*

4-сурет мәліметтерінен белгілі болғандай 2018 жылы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі 61 819,5 млрд теңге болса, оның құрамында өндірілген инновациялық өнімнің үлесі 1,72 %-ды (немесе 1 064 067,4 млн теңге), ал 2022 жылы ЖІӨ көлемі 103 765,5 млрд теңге болса, оның құрамында өндірілген инновациялық өнімнің үлесі 1,81 %-ды (немесе 1 879 123,1 млн теңгені) құраған. Республика бойынша ЖІӨ көлемі 2022 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 67,8 %-ға (немесе 41 946 млрд теңгеге) артқан болса, өндірілген инновациялық өнім көлемі 76,5 %-ға (815 055,7 млн теңгеге) ұлғайып отыр.

Инновациялық өнім өндіру бұл кәсіпорын үшін жаңа болғандықтан белгілі бір деңгейде тәуекелдің және қосымша шығындардың болатыны белгілі. Себебі инновациялық өнім өндіру кәсіпорын үшін жаңалық болғандықтан және бұрын тәжірибе болмағандықтан тәуекелге бара отырып қомақты шығын да жұмсайтын болады. Кәсіпорынның инновациялық өнім өндіруге жұмсайтын шығыны көбірек болғанымен, алдағы уақытта жоба сәтті іске асырылып, инновациялық өнім өндіретін болса, алатын табысы да соншалық көбірек болатыны белгілі. Жалпы кәсіпорын үшін инновациялық өнім өндіру тиімді болуы тиіс (А.Кіжек, et al., 2013).

Өнеркәсіптік компаниялар ұлттық инновациялық жүйенің негізгі элементі болып табылады. Олардың ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ), инновациялық жобаларға салған инвестицияларының көлемі тиісті салалардың технологиялық дамуына тікелей әсер етеді (А.В. Трачук, Н.В. Линдер, 2019). Батыс елдеріндегі кейбір компаниялар жылдық кірісінің көп бөлігін, тіпті жылдық бюджетінің жартысынан астамын инновациялық жобаларды іске асыруға инвестициялайды (А. Nasiri, et al., 2016). Отандық кәсіпорындардың инновацияға жұмсаған шығындарын қарастыратын болсақ, 2018–2022 жылдар аралығында оның жалпы көлемі 4,4 трлн теңгеден асып отыр (5-сурет).




5-сурет. Инновацияларға жұмсалған шығындар, млн. теңге

Ескерту — (Статистикалық жинақ, 2022; Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.

5-сурет мәліметтері бойынша республикамызда 2018 жылы инновацияларға жұмсалған барлық шығындар 861 915 млн теңге болса, 2022 жылы оның көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 68,6 %-ға көбейіп, 1 453 339,1 млн теңгені құраған. Бұл елімізде инновацияларды енгізуге, инновациялық өнімдерді шығаруға кәсіпорындар тарапынан қызығушылықтың артып келе жатқандығын көрсетіп отыр.

Инновацияларды енгізуге жұмсалған шығындарды қаржыландыру әртүрлі көздер бойынша жүзеге асырылады. Осы инновацияларды енгізуге арналған шығындарды қаржыландыруда ұйымның меншікті қаражатының үлесі барлық шығындардың жартысына жуығын құрап отыр. Республика бойынша 2022 жылы инновацияларға жұмсалған шығындардың сомасы 1 453 339,1 млн теңге болса, оның небәрі 7,6 %-ы ғана мемлекеттік бюджет (оның 7 %-ы республикалық бюджет, 0,6 %-ы жергілікті бюджет) есебінен қаржыландырылған (6-сурет).




6-сурет. Қаржыландыру көздері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар, (2022 ж.), %

Ескерту — (Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.

6-сурет мәліметтеріне сәйкес 2022 жылы қаржыландыру көздері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындардың 48 %-ы немесе 693 569,6 млн теңге ұйымның меншікті қаражаттары есебінен, 37,7 %-ы немесе 549 068,3 млн теңге банк ресурстары есебінен, 7 %-ы немесе 101 171,8 млн теңге республикалық бюджет есебінен, 1,4 %-ы немесе 20 998,9 млн теңге шетелдік қаражаттар есебінен, 0,6 %-ы немесе 8 650 млн теңге жергілікті бюджеттер есебінен, 5,3 %-ы немесе 15 759,8 млн теңге өзге де қаражаттар есебінен қаржыландырылған.

Инновацияларға жұмсалған шығындардың қандай мақсаттарда жұмсалғандығын қарастыратын болсақ, шығындардың басым бөлігі заманауи машиналар мен жабдықтарды, бағдарламалық камтамасыз етуді, сондай-ақ басқа да күрделі өнімдерді сатып алуға жұмсалған (7-сурет).



7-сурет. Шығын түрлері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар (2022 ж.)

Ескерту — (Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы, 2022) негізінде авторлармен құрастырылды.

7-сурет бойынша 2022 жылы еліміз бойынша инновацияларға 1 453 339,1 млн теңге шығын жұмсалған болса, сол шығынның 64,8 %-ы заманауи машиналар мен жабдықтарды, бағдарламалық камтамасыз етуді, сондай-ақ басқа да күрделі өнімдерді сатып алуға, 8,7 %-ы ішкі ҒЗТКЖ-ға, 3,9 %-ы сыртқы ҒЗТКЖ-ға, 2,1 %-ы маркетингтік зерттеу, жобалау, оқыту және т.б. тиісті шараларға, 0,5 %-ы сыртқы ғылымды алуға, ал қалған 20 %-ы өзге де инновациялық шығындарға жұмсалған.

Қазіргі уақытта отандық кәсіпкерлер өз өндірісін дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және халықаралық нарыққа шығу үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, барынша өз қызметіне инновацияларды енгізу арқылы қол жеткізе алады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай инновациялар негізінен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде қалыптасады және іске асырылады. Ал ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және оның нәтижелі болуы көп жағдайда тікелей қаржыландыру көлеміне байланысты. Қазіргі уақытта ҒЗТКЖ қаржыландыру көлемі әр елде әртүрлі болып келеді. Атап айтатын болсақ, дамыған елдерде оның көлемі сол елдің ЖІӨ-нің 2,5–4,2 %-ын құрайды (А.Е. Сорокин, С.В. Новиков, 2018; Е.Ю. Кузьмина және т.б., 2020), ал Қазақстанда бұл көрсеткіш 2022 жылы 0,12 %-ды құраған (Национальный доклад по науке, 2023).

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың маңызды құралдарының бірі инновациялық гранттар. Олар 3 негізгі бағытқа: жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға, салаларды технологиялық дамытуға және коммерцияландыруға арналып отыр. Осы аталған бағыттар бойынша 2011–2022 жылдар аралығында 13,3 млрд теңгеге 338 грант берілген (Инновацияларды мемлекеттік қолдау шаралары).

Зерттеу нәтижелері бойынша мемлекет тарапынан отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, олардың өндіретін инновациялық өнімдерінің көлемін көбейту бағытында жүйелі жұмыстарды іске асыру қажет деп есептейміз. Себебі отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, экспорт көлемін ұлғайту үшін олардың инновациялық қызметін барынша дамыту, инновациялық белсенді кәсіпорындардың санын жыл сайын көбейту, оған мемлекет тарапынан тікелей және жанама ықпал ету шараларын жүйелі түрде іске асырып отыру қажет. Кез-келген коммерциялық кәсіпорын инновациялық қызметті іске асыруға, бәсекеге қабілетті болуға, инновациялық өнімдер шығаруға мүдделі.



### **Талқылау**

Қазіргі уақытта көптеген елдер экономикалық дамуда инновацияларға ерекше мән беруде. Экономикалық дамудың тарихи перспективалары инновацияның элеуметтік және экономикалық дамуының драйвері екенін көрсетеді (Т. Monroe-White, S. Zook, 2018). ҚР-да Үкімет тарапынан инновациялық қызметті қолдауға, барынша дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Инновациялық қызметті қолдау, барынша дамыту мақсатында қажетті заңнамалық база әзірленді. Алайда, жоғарыда қарастырылған кәсіпорындардың инновациялық қызметін талдау нәтижелеріне сүйенсек, еліміздегі инновациялық қызметті дамыту үшін қосымша нақты қолдау шаралары қажет екені белгілі болып отыр. Себебі қабылданған шаралар ойдағыдай инновациялық дамуды көрсете алмай отыр.

Кез келген мемлекеттің ұлттық инновациялық жүйесінің негізін сол мемлекеттегі инновациялық қызметті іске асыратын кәсіпорындар құрайды деп есептейтін болсақ, онда мемлекет тарапынан кәсіпорындардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың инновациялық қызметін қолдауға ерекше көңіл болу қажет. Инновациялық дамуды қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарда материалдық-техникалық және өндірістік базалардың жеткілікті деңгейі болуы, өз мамандарының кәсібилігі деңгейін үнемі жетілдіріп отыруы, ақпараттық базаны кеңейтуі, сондай-ақ жаңа серіктестерді, инвесторларды және басқа да мүдделі тараптарды тартуы қажет (Т. Nikolenko, L. Semina, 2021). Бүгінгі таңда елімізде инновациялық қызметті қолдауға мемлекет тарапынан тек қаражат бөліп қана қоймай, инновациялық өнім өндіруге жағдай жасап, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, одан кейін дайын инновациялық өнімдерді өткізуге байланысты үдерістерді қамтитын кешенді шараларды қолға алу керек. Сондықтан да отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамыту және инновациялық белсенділігін арттыру үшін мемлекет тарапынан қаржылық, инфрақұрылымдық және әкімшілік ықпал ету тетіктерін қамтитын кешенді қолдау шараларын іске асыру қажет деп есептейміз.

Мемлекет қаржы тетіктері арқылы инновацияны енгізу кезінде және одан кейінгі бірнеше жылдар бойы кәсіпорындарға салық жеңілдіктерін қарастыру, инновациялық қызметті қаржыландыруға арнайы субсидиялар беруді қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар инновациялық өнім шығаратын компанияларды құру кезінде шетелдік инвесторларға қосымша жеңілдіктер беру арқылы ынталандыру шараларын енгізу керек.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытуда мемлекеттің инфрақұрылымдық тетіктер арқылы ықпалы маңызды. Бұл жерде ең алдымен мемлекеттік сатып алу аясында отандық кәсіпкерлер өндірген инновациялық тауарларға (қызметке) басымдық беру қажет, өйткені инновациялық өнімнің өзіндік құны жоғары болатыны белгілі, ал инновациялық өнімдерді сату кәсіпорын дамуының бастапқы кезеңінде қиындықтар туғызатыны сөзсіз. Сонымен қатар инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету мәселелерін шешу, заманауи кәсіпорындар құру сияқты мәселелерді түбегейлі қарастыру қажет. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отандық кәсіпорындардың инновациялар жұмсаған шығындарының 64,8% озық машиналарға, жабдықтарға, бағдарламалық қамтуға және басқа да күрделі өнімдерге жұмсалып отыр. Сондықтан инновациялық кәсіпорындарды заманауи құрал-жабдықтармен, зертханалармен, білікті мамандармен, жалпы инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге мемлекет тарапынан көбірек көңіл бөлу керек.

Әкімшілік тетіктер арқылы отандық тауар өндірушілердің инновациялық қызметін дамытуға жәрдемдесетін арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеу қажет. Бұл бағдарламада ғылым мен өндіріс арасында байланысты жақсарту шараларын ұйымдастыруға, авторлардың құқықтарын қорғайтын заманауи жүйе қалыптастыруға, ғылыми-зерттеулердің оң нәтижелерін өндіріске енгізуге, кәсіпкерлерді ғылыми мекемелермен байланыс орнатуға ынталандыруға ерекше назар аудару керек. Бүгінде елімізде бірнеше индустриялық-инновациялық бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылып жатқаны белгілі. Бірақ бұл бағдарламалар бірінші кезекте инновациялық қызметті дамытуға арналып отырған жоқ, олар елімізде жаңа жұмыс орындарының ашылуына және өндірістің ұлғаюына ықпал еткенімен, кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытуға тікелей әсері байқалмайды. Сондықтан елімізде отандық кәсіпорындарды инновациялық қызметпен айналысуға ынталандыратын арнайы бағдарлама әзірлеу қажет. Сонымен бірге қазіргі уақытта ғылым мен өндіріс арасында байланыс өте әлсіз, бұл осы байланысты нығайту үшін мемлекет тарапынан арнайы шаралар қабылдау қажеттігін аңғартады. Өйткені инновация негізінен ҒЗТКЖ нәтижесінде іске асырылатыны белгілі.

### **Қорытынды**

Кәсіпорындардың инновациялық қызметінің дамуы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелердің оң шешімін табуға ықпал етеді. Бұл ең алдымен отандық өндірісті дамытады, экспорттық әлеуетті жоғарлатады, экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан отандық өнімдермен ішкі нарықты қамту үлесін арттырады, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге оң ықпал етеді, бюджетке салықтық және басқа да түсімдерді қосымша түсімдерін қамтамасыз ететін болады.

Зерттеулер барысында белгілі болғандай шағын кәсіпорындардың орта және ірі кәсіпорындарға қарағанда инновациялық қызметті іске асыруға қаржылық және басқа да мүмкіндіктерінің шектеулі болуына байланысты инновациялық белсенділігі төмен. Дегенмен де халықаралық тәжірибелерден белгілі болып отырғандай, кешенді түрде қолдау шаралары іске асырылатын болса, шағын кәсіпорындардың да инновациялық белсенділігі артып, нарықта бәсекеге қабілетті өнім шығаруға мүмкіндіктері бар екендігін көрсетеді. Сондықтан мемлекет тарапынан кәсіпорындардың инновациялық қызметін және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда жоғарыда аталған тетіктер арқылы кешенді қолдау шараларын іске асыру қажет.

### **Әдебиеттер тізімі**

- European Innovation Scoreboard 2022. Luxembourg: Publications Office of the European Union. — 2022. — 102 p.
- Kijek, A. Innovation activity of the Polish manufacturing enterprises / A. Kijek, M. Lisowski, W. Starzyńska // *International Advances in Economic Research*. — 2013. — Vol. 19. — P. 33–43. <http://doi.org/10.1007/s11294-012-9387-7>.
- Monroe-White, T. Social enterprise innovation: A quantitative analysis of global patterns / T. Monroe-White, S. Zook // *Voluntas: International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations*. — 2018. — Vol. 29. — P. 496–510. <http://doi.org/10.1007/s11266-018-9987-9>.
- Nasiri, A. Analysis of innovation management in German enterprises / A. Nasiri, A.R. Alleyne, L. Yihui // *Cogent Business & Management*. — 2016. — Vol. 3. — № 1. — P. 1216727. <http://dx.doi.org/10.1080/23311975.2016.1216727>.
- Nikolenko, T. Y. Impact of innovative activity on the economic security of the enterprise / T.Y. Nikolenko, L.V. Semina // *Revista Amazonia Investiga*. — 2021. — Vol. 10. — № 47. — P. 271–281. <https://doi.org/10.34069/AI/2021.47.11.28>.
- Oslo, Manual. Guidelines for collecting and interpreting innovation data. Third edition [Electronic resource] / Manual Oslo. — Guidelines for collecting and interpreting innovation data. Third edition. A joint publication of OECD and Eurostat. — 2005. — 164 p. — Access mode: <https://ec.europa.eu/eurostat/web/products-manuals-and-guidelines/-/oslo>.
- Oslo, Manual. Guidelines for collecting, reporting and using data on innovation 4th edition [Electronic resource] / Manual Oslo. — OECD Publishing, Paris/Eurostat, Luxembourg. — 2018. — 256 p. <https://doi.org/10.1787/9789264304604-en>.
- Rojek, D. The technological factors of enterprise innovation in a strategic perspective / D. Rojek // *Management and Production Engineering Review*. — 2021. — Vol. 14. — P. 87 — 98. <http://doi.org/10.24425/mper.2021.139997>.
- Tudor, L. Change in textile and clothing industry / L. Tudor // *Industria Textila*. — 2018. — Vol. 69. — № 1. — P. 37–43. <http://doi.org/10.35530/IT.069.01.1449>.
- Wadho, W. Innovation in the textiles sector: A firm-level analysis of technological and nontechnological innovation / W. Wadho, A. Chaudhry // *The Lahore Journal of Economics*. — 2016. — № 21. — P. 129–166. <https://doi.org/10.35536/lje.2016.v21.isp.a6>.
- Айбосынова, Д.А. Зарубежный опыт управления инновационной деятельностью малых и средних предприятий / Д.А. Айбосынова // *Вестн. Казах.нац.ун-та. Сер. экон.* — 2021. — № 4(138). — С. 142–154.
- Бақыланбайтын экономиканы бөліп көрсете отырып, Қазақстан Республикасының 2022 жылғы жалпы өңірлік өнімі. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/5002/> (Жүгінген күні: 08.01.2024).
- Исабеков, Б. Парасатты экономика: дағдарыс пен серпіліс [Мәтін] / Б. Исабеков. — Астана: Фолиант. — 2013. — 528 б.
- Кузьмина, Е.Ю. Инновационное развитие как фактор конкурентоспособности национальной экономики [Текст] / Е.Ю. Кузьмина, И.В. Соклакова, И.Л. Сураг // *Вестн. Ун-та.* — 2020. — № 2. — С. 63–67. <https://doi.org/10.26425/1816-4277-2020-2-63-67>.
- Қазақстанның ғылымы және инновациялық қызметі. — 2017–2021 жж. Статистикалық жинақ. — Астана. — 2022 ж. — 44 б.
- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 6 қазандағы № 232 бұйрығына (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 29.12.2022 ж. № 43 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). —

[Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031503#z3> (Жүгінген күні: 15.01.2024).

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі: Инновацияларды мемлекеттік қолдау шаралары. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9> (Жүгінген күні: 16.01.2024).

Қазақстан Республикасында инновацияларды дамыту бойынша жалпы мәліметтер. — [Электрондық ресурс]. — Кіру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/9?lang=kk> (Жүгінген күні: 20.01.2024).

Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы. — Инновациялар статистикасы. — 2022. — 22 б.

Қазақстан 2021 жылы. Статистикалық жылнама. — Астана. — 2022. — 405 б.

Национальный доклад по науке. — Астана–Алматы, 2023. — 266 с.

Сорокин, А.Е. Некоторые особенности управления инновационной деятельностью в странах ЕС и США [Текст] / А.Е. Сорокин, С.В. Новиков // Инновации. — 2018. — № 6 (236). — С. 84–91.

Трачук, А.В. Инновационная деятельность промышленных компаний: измерение и оценка эффективности [Текст] / А.В. Трачук, Н.В. Линдер // Стратегические решения и риск-менеджмент. — 2019. — Т. 10. — № 2. — С. 108–121 <https://doi.org/10.17747/2618-947X-2019-2-108-121>.

Шакеев, С.С. Анализ эффективности инновационной деятельности предприятий Республики Казахстан [Текст] / С.С. Шакеев, К.А. Невматулина, Е.Н. Набиев // Вестн. Евраз. нац. ун-та им. Л.Н. Гумилева. Сер. экон. — 2023. — № 3. — С. 195–205. DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-3-195-205>.

**Г.А. Пазиров<sup>1</sup>, А.Н. Рамашова<sup>2</sup>, Н. Рамашов<sup>3</sup>, Н.Т. Кальбаева<sup>4</sup>**

<sup>1,2,4</sup>Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан;

<sup>3</sup>Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, Шымкент, Казахстан

<sup>1</sup>[pgalimjan@mail.ru](mailto:pgalimjan@mail.ru), <sup>2</sup>[r.aissulu87@mail.ru](mailto:r.aissulu87@mail.ru), <sup>3</sup>[ramashov@mail.ru](mailto:ramashov@mail.ru), <sup>4</sup>[nur.tan73@mail.ru](mailto:nur.tan73@mail.ru)

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>, <sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0002-7370-563X>, <sup>3</sup><https://orcid.org/0009-0009-9681-0561>, <sup>4</sup><https://orcid.org/0000-0001-8655-9144>

<sup>1</sup>Scopus ID: 56525322400, <sup>2</sup>Scopus ID: 56731083500, <sup>4</sup>Scopus ID: 57992243400

<sup>1</sup>Researcher ID: GQI-2892-2022, <sup>2</sup>Researcher ID: KDM-93882024, <sup>3</sup>Researcher ID: KDM-9777-2024, <sup>4</sup>Researcher ID: KEE-9183-2024

### **Анализ инновационной деятельности предприятий в Республике Казахстан**

#### **Аннотация:**

**Цель:** Цель исследования — выявить основные проблемы путем анализа современного состояния инновационной деятельности предприятий в Республике Казахстан, а также предложить конкретные механизмы и пути развития поддержки инновационной деятельности отечественных предприятий со стороны государства в дальнейшем.

**Методы:** В ходе исследования использовались теоретические методы, в частности, сравнительный, количественный и системный анализ, синтез, экспертная оценка, обобщение результатов научных исследований.

**Результаты:** Как стало известно из результатов анализа, полученных в ходе исследования, в последние годы нет существенных изменений в доле инновационной продукции, произведенной отечественными предприятиями в валовом внутреннем продукте, инновационная активность предприятий остается на очень низком уровне. Большая часть затрат на инновации финансируется за счет собственных средств предприятий и банковских ресурсов, основная часть идет на приобретение современных машин, оборудования, программного обеспечения и других сложных продуктов.

**Выводы:** На сегодняшний день государством проделана большая работа по обеспечению инновационного развития страны, и данная работа продолжается. В целях обеспечения инновационного развития со стороны государства, несмотря на принятие законов, государственных программ и стратегических документов, становится очевидной необходимость дополнительных конкретных мер поддержки, направленных на поддержку инновационной деятельности, потому что предпринятые меры не показывают успешного инновационного развития. Поэтому по результатам исследования было предложено параллельно использовать механизмы финансового, административного и инфраструктурного воздействия государства для развития инновационной деятельности, повышения инновационной активности отечественных предприятий.

**Ключевые слова:** инновация, конкуренция, инновационная деятельность, инновационная активность, инновационный продукт, продуктовые инновации, бизнес-процессные инновации, инновационное развитие.

G.A. Pazilov<sup>1</sup>, A.N. Ramashova<sup>2</sup>, N. Ramashov<sup>3</sup>, N.T. Kalbayeva<sup>4</sup>

<sup>1,2,4</sup>M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan;

<sup>3</sup>O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan

<sup>1</sup>pgalimjan@mail.ru, <sup>2</sup>r.aissulu87@mail.ru, <sup>3</sup>ramashovn@mail.ru, <sup>4</sup>nur.tan73@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0002-8880-9562>, <sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0002-7370-563X>, <sup>3</sup><https://orcid.org/0009-0009-9681-0561>, <sup>4</sup><https://orcid.org/0000-0001-8655-9144>

<sup>1</sup>Scopus ID: 56525322400, <sup>2</sup>Scopus ID: 56731083500, <sup>4</sup>Scopus ID: 57992243400

<sup>1</sup>Researcher ID: GQI-2892-2022, <sup>2</sup>Researcher ID: KDM-93882024, <sup>3</sup>Researcher ID: KDM-9777-2024,

<sup>4</sup>Researcher ID: KEE-9183-2024

## Analysis of innovative activity of enterprises in the Republic of Kazakhstan

### Abstract

**Object:** The purpose of research article is to identify the main problems by analyzing the current state of innovative activity of enterprises in the Republic of Kazakhstan as well as to propose specific mechanisms and ways to develop state support for innovative activities of domestic enterprises in the future.

**Methods:** Theoretical methods were used at the process of the study, in particular, comparative, quantitative and systematic analysis, synthesis, expert assessment, generalization of research results.

**Findings:** As it became known from the results of the analysis obtained during the study, in recent years there have been no significant changes in the share of innovative products produced by domestic enterprises in Gross Domestic Product, the innovative activity of enterprises remains at a very low level. Most of the costs of innovation are financed from enterprises own funds banking resources, the bulk goes to the purchase of modern machines, equipment, software and other complex products.

**Conclusions:** For today, the state has done a lot of work to ensure the innovative development of the country and this work continues. In order to ensure innovative development on the part of the state, despite the adoption of laws, state programs and strategic documents, it becomes obvious that additional specific support measures aimed at supporting innovation activities are needed. Because the measures taken do not show successful innovative development. Therefore, according to the results of the study, it was proposed to use in parallel the mechanisms of financial, administrative and infrastructural influence of the state for the development of innovative activities, increasing the innovative activity of domestic enterprises.

**Keywords:** innovation, competition, innovation activity, innovative activities, innovative product, product innovation, business process innovation, innovative development.

### References

- (2022). Baqylanbajтын jekonomikany bolip korsete otyryp, Kazakstan Respublikasynyn 2022 zhylygy zhalpy onirlik onimi [Gross regional product of the Republic of Kazakhstan in 2022, highlighting the uncontrolled economy]. Kiru rezhimi: <https://stat.gov.kz/industries/economy/national-accounts/publications/5002/> [in Kazakh].
- (2022). Qazaqstan 2021 zhyly. Statistikalıyq zhylnama [Kazakhstan in 2021. Statistical Yearbook] [in Kazakh].
- (2022). Qazaqstan Respublikasındagy kasiporyndardyn innovacijalyk qyzmeti turaly [On innovative activities of enterprises in the Republic of Kazakhstan]. *Innovacijalar statistikasy — Innovation statistics*, 22 [in Kazakh].
- (2022). Qazaqstannyn gylmy zhane innovacijalyk qyzmeti. 2017–2021 zhzh. Statistikalıyq zhinaq [Science and innovation activities of Kazakhstan. 2017–2021. Statistical collection] [in Kazakh].
- (2023). Natsionalnyi doklad po nauke [National Science Report] [in Russian].
- Ajbosynova, D.A. (2021). Zarubezhnyi opyt upravleniia innovatsionnoi deiatel'nostiu malykh i srednikh predpriatii [Foreign experience in managing innovation activities of small and medium-sized enterprises]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo universiteta. Seriya ekonomicheskaja — Bulletin of the Kazakh National University. Economic series*, 4(138), 142–154 [in Russian].
- European Innovation Scoreboard 2022 (2022). *Luxembourg: Publications Office of the European Union*, 102.
- Isabekov, B. (2013). Parasatty jekonomika: dagdarys pen serpilis [Reasonable economy: crisis and breakthrough]. Astana: Poliant [in Kazakh].
- Kijek, A., Lisowski, M., & Starzyńska, W. (2013). Innovation activity of the Polish manufacturing enterprises. *International Advances in Economic Research*, 19, 33–43. <https://doi.org/10.1007/s11294-012-9387-7>.
- Kuz'mina, E.Yu., Soklakova, I.V., & Surat, I.L. (2020). Innovatsionnoe razvitie kak faktor konkurentosposobnosti natsionalnoi ekonomiki [Innovative development as a factor of competitiveness of the national economy]. *Vestnik Universiteta — Bulletin of the University*, 2, 63–67. <https://doi.org/10.26425/1816-4277-2020-2-63-67> [in Russian].

- Monroe-White, T., & Zook, S. (2018). Social enterprise innovation: A quantitative analysis of global patterns. *Voluntas: International Journal of Voluntary and Nonprofit Organizations*, 29, 496–510. <https://doi.org/10.1007/s11266-018-9987-9>.
- Nasiri, A., Alleyne, A. R., & Yihui, L. (2016). Analysis of innovation management in German enterprises. *Cogent Business & Management*, 3(1), 1216727. <https://doi.org/10.1080/23311975.2016.1216727>.
- Nikolenko, T. Y., & Semina, L. V. (2021). Impact of innovative activity on the economic security of the enterprise. *Revista Amazonia Investiga*, 10(47), 271–281. <https://doi.org/10.34069/AI/2021.47.11.28>.
- Oslo, Manual (2005). Guidelines for collecting and interpreting innovation data. Third edition. A joint publication of OECD and Eurostat. — 164 p. <https://ec.europa.eu/eurostat/web/products-manuals-and-guidelines/-/oslo>.
- Oslo, Manual (2018). Guidelines for collecting, reporting and using data on innovation 4 th edition. — OECD Publishing, Paris/Eurostat, Luxembourg, 256. <https://doi.org/10.1787/9789264304604-en>.
- Qazaqstan Respublikasy Ulttyq jekonomika ministrliqi Statistika komiteti toragasyryn 2016 zhylyg 6 qazandagy № 232 bujrygyna (QR Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika bjurosy Basshysynyn 29.12.2022 zh. № 43 bujrygyna sajkes ozgerister men tolyktyrular engizilgen) [Order of the chairman of the Statistics Committee of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan dated October 6, 2016 No. 232 (amendments and additions were made in accordance with the Order of the head of the Bureau of national statistics of the agency for Strategic Planning and reforms of the Republic of Kazakhstan dated 29.12.2022 No. 43)]. Retrieved from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031503#z3> [in Kazakh].
- Qazaqstan Respublikasyryn Cifrllyq damu, innovacijalar zhane ajerogarysh onerkasibi ministrliqi: Innovacijalardy memlekttik koldau sharalary [Ministry of digital development, innovation and aerospace industry of the Republic of Kazakhstan: measures of state support for innovations]. Retrieved from <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/1501?lang=kk&parentId=9> [in Kazakh].
- Qazaqstan Respublikasynda innovacijalardy damytu bojnsha zhalpy malimetter [General information on the development of innovations in the Republic of Kazakhstan]. Kiru rezhimi: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mdai/activities/9?lang=kk> (Date of application: 20.01.2024). [in Kazakh].
- Rojek, D. (2021). The technological factors of enterprise innovation in a strategic perspective. *Management and Production Engineering Review*, 14, 87–98. <https://doi.org/10.24425/mper.2021.139997>.
- Shakeev, S.S., Nevmatulina, K.A., & Nabiev, E.N. (2023). Analiz effektivnosti innovatsionnoi deiatelnosti predpriatii Respubliki Kazakhstan [Analysis of the effectiveness of innovative activities of enterprises of the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Evraziiskogo natsionalnogo universiteta imeni L.N. Gumileva. Ekonomicheskaja seriia — Economic Series of the Bulletin of L.N. Gumilyov ENU*, 3, 195–205. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-3-195-205> [in Russian].
- Sorokin, A.E., & Novikov, S.V. (2018). Nekotorye osobennosti upravleniia innovatsionnoi deiatelnosti v starnakh ES i SShA [Some features of innovation management in the EU and the USA]. *Innovatsii — Innovations*, 6 (236), 84–91 [in Russian].
- Trachuk, A.V. & Linder, N.V. (2019). Innovatsionnaia deiatelnost promyshlennykh kompanii: izmerenie i otsenka effektivnosti [Innovative activity of industrial companies: measurement and evaluation of efficiency]. *Strategicheskie resheniia i risk-menedzhment — Strategic decisions and risk management*, 10(2), 108–121 <https://doi.org/10.17747/2618-947X-2019-2-108-121> [in Russian].
- Tudor, L. (2018). Change in textile and clothing industry. *Industria Textila*, 69(1), 37–43. <https://doi.org/10.35530/IT.069.01.1449>.
- Wadho, W., & Chaudhry, A. (2016). Innovation in the textiles sector: A firm-level analysis of technological and nontechnological innovation. *The Lahore Journal of Economics*, 21, 129–166. <https://doi.org/10.35536/lje.2016.v21.isp.a6>.